

34. Еркештің Теміртау жырлары



Елуінші-сексенінші жылдар ара-
лығында қазақ поэзиясында
Теміртау тақырыбына қалам тербе-
ген ақындардың ішінде шоқтығы
біл көрінетіндердің бірі Еркеш Иб-
раһим (Ебікенов). Ақын өзінің
«Теміртау аспаны» атты өлеңінде:

О, Теміртау,
Аспаның бұл көк бел ме,
Түтіндерің аруана боп кеткен бе?
Ақ бурадай көбік шашқан аспанда,
Ақ ботасын ертіп келген көктемде.

Неткен сенің ерек еді бітімін,
Ертеңдій,
Өзін тұрсын,
Түтінін,
Әнің асқақ,
Үнің сенің басқаша,

Қалалардың ішіндегі, үкілім,-
деп құрыш қайнатқан қаланы өзге-
лерден ала бөтен артық бағалап,
зор құрмет тұтады.

Еркеш ақын поэзия мен журна-
листканы қатар ұстаган қаламгер.

1975 жылдар аралығында республи-
калық «Социалистік Қазақстан»
газетінің Көкшетау облысы бойын-
ша меншікті тілшісі, ал 1975 жыл-
дан өмірінің сонына дейін осы
газеттің Қарағанды облысы бойын-
ша меншікті тілшісі қызыметтерін ат-
қарды. Еркеш поэзия мен журнали-
стканы тен ұстады дедік. Шын
мәнінде солайтын. Оның қаламынан
өзі енбек еткен өнірлердегі қайнаган
енбек пен қарапайым мамандық
иелері туралы өрнекті очерктері мен
мазмұнды мақалалары республика-
лық басылым бетінде үзбей жария-
ланып тұрды. Солай десек те Еркеш
Ибраһим өзін қазақ поэзиясының ірі
өкілдерінің бірі ретінде танытып,
есімін тарихқа мәнгі қалдырып кет-
кен тұлға. Поэзиялық қуаты мақты,
тегеуіріні терең ақынын 50-60 жыл-
дары «Қарлығаш» (1958ж.), «Жас
қанат» (1959ж.), «Кекшетау
көріністері» (1961ж.), «Өмір өлмейді»
(1963ж.) және басқа жыр жинақта-
рышарық көрді.

Журналист қызымет бабымен
қазыналы Қарағанды өніріне келген-
де ақының екінші тынысы ашылған-
дай болады. Ол өзінің бір өлеңінде
бул өлкеге, қойны құт-береке, мол
қазына, үсті қайнаган қызу енбек,
көмір қазыш, болат ағызған алыптар
мекенінен жырақ жүрген күндері
үшін үялатындырын, қайнаган өмір
Қарағандыда екен, соны тапқаным,
сонымен қауышып, табысқаным
қуанамын дегенді айтады.

Теміртаудағы от ауыздықтан,
жалын құшқан жандарды көргенде
акын:

Жалынды көрдім,
Сызылған бейне қыздай бір,
Жалынды көрдім,
Сүп-сүк жүзі мұздай бір.

Жалынды көрдім,
Алымалар жастың да тасқын-

Ерліктің асқақ жалауы.
Магниткам менің,
Жүргегін неткен от еді,
Фашықын саған
Жанымның сен бол қалауы, -
дейді.

Келесі бір өлеңінде:
Жалын,
Жалын,
Аймаладың жалындаپ.
Аңсарымдай
Өліп-өшіп жанымды ап.
Сен селмісін,
Мен селмін бе, Білмедім...
Сен де
Мен де

Барамыз ба ағындаپ, - деп, өзі де
жалынға оранады, одан қуат алады,
от пен жалынды ауыздықтай жүріп,
ақын жүрек от-жалын болып лапыл-
дайды, шойын селіндей болып тасқын-
дайды, от пен жалын арқылы
құрыштай қайнап, болаттай берік
болып сомдалады.

Ақын: «Өлеңім мынау екпінде
соққан желімен,

Теміртау оты, жалындаш саған
келіп ем.

Жалынды қайнап, болатың қай-
нап жатуга

Кемдігің болса, кемісін толтыр
менімен», деп өзінің бар болмыс-
бітімін Теміртауға үсынады, одан әрі:

Дауылдай өршіп үрлейін сенің шо-
ғынды,

Аяма сол тек балқыған балдай
шагынды.

Кемдігің болса, жырыммен толтыр
жоғынды, - дейді.

Еркеш Ибраһим Теміртауды он-
дағы Магнитканы басты кейіпкерім
дептаныды. Бұл туындылар кейін
1978 жылы жарық көрген «Теміртау
толғауы» атты жыр кітабына енді.

Ақын Теміртауды бірлі-жарым
өлеңіне гана арқау етіп қойған жоқ,
од өзінің көгілдір Көкшетау өнірінде, қай-
ни-қаралаймындағы айналышқа да-

рыш,

Сақылдаш тұрған жоқ па өмір
палуан, - деп жауап берген аға
Теміртаудың алғашқы қазығы
қағылған шақтан бастап әңгімесін
өрбітеді.

Бастадық Теміртауды-
Ақ шатырдан,

Қалалық ірге тасын тас тақыр-
дан.

Жауыртау – Теміртауға айнал-
ғанша,
Вахтада қарт та тұрған,
Жас та тұрған.

Мен айтсам:
Теміртауым алып десем.

Ал оны
Алыш еткен-
Халық десем.

«Көптін күші – көл» деген рас-
інім

Жанары сол көлтердін -
Жарық көшем...

Ақын сұрайды: «Аға достарының
кім?» - деп. Алтынбек аға ұлы достық,
достар туралы салиқалы ой
айтады. Сөз арасында, ақынға:

Арғын мен жеке жырла
Төлегенді,

Сөз қозғау бастық жайлы керек
енди.

Енбекқор сонау біздін
Нұрсұлтандай,

Көрлем жоқ бұл өнірде ерен ерді,
– деп алдағы жыр-дастандарды кімге
арнау қажеттің жайында ақыл қоса-
ды.

Сөз сонында тарғы да: «Мен сұра-
дым: Бақыттысыз ба? - дедім» дейді
акын.

– Сен соны сұра деді, - оттан ана,
Алауда лапылдаған tot бола ма?
Алауда лапылдаған tot болмаса,
Ағанының жүргегінде дақ бола ма?

Алтекем, алтын аға, алау аға,
Тарғы да ак жалынға кіре бермі

Ақын ағаның өмір жолына үнілер болсақ, ол 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика бөлімшесін бітірген соң өзінің еңбек қадамын Кекшетау облыстық газетінде мәдениет және өнер бөлімінің менгерушілігінен бастаганын көреміз. Газеттің қарашайым жұмысына төсемлестен бірден бөлім менгерушілігі ұстасуна, Еркештің Алматыда оқып жүрген студенттік жылдарының өзінде тырнақалды өлең-жырларымен оқырман қауымға біршама танылыш қалғандығы, әрі сол кезде облыстық басылымдарда жоғары арнаулы білімді мамандардың қат болуы ықпал етсе керек. Ақын кейін ез естеліктерінің бірінде жоғары оқу орнын тәмамдаған жылы оған Алматының белгілі баспаларында қалсаң қайтеді, мәдени орталықтан шеткегі кетіл бойындағы таланттыңды, поэзияға деген сүйіспеншілігінді жоралтып аларсын, деп қамкор қолын ұсынған ағаларының да болғандығын, алайда өзінің бұла күш бойында тұрганда, қайнаган қызу еңбектің бел ортасында болып, өмірдің өзінен шындалам, деген ойын үәж етіп алға тартып, сол кездегі жаңадан көтеріліп жатқан тың өніріне аттанғанын айтады. Солтүстік өнірдегі бірқатар облыс соң жылдарың саясатымен жабылып, өлкө құрылғанда Еркеш өлкелік «Тың өлкесі» газетінің меншікті тілшісі, бұдан соң 1963-

Лапылда жатқан ақ тасқын.
Жалынды жүттүм,
Тасқынды жүтқан құздай бір.

Жалындаң тұрып,
Жалынға тұра қарадым,
Жалыннан ғері

Жалындаң тұрды жанарым, - деп тебіренеді. Ақынды тек Теміртаудың от-жалыны ғана қызықтырып қоймады, оның тау-тасы, өзен-суы да өзінің қызықты тарихымен, аныз ізімен өрнектеліп, Теміртау іргресіндегі шоқының неліктен осылай аталғанына қиял қөзімен, ақындық, көзқарас-пен жауап береді. Оны ұлттық үрдістің, өмірдің өзінен туындаған атаяу екендігін айтады.

Сол тәбе атаган – «Жауыртау» деп,

Жетуге мыхнаты мол, ауыр тау
деп.

Жайнаған бүгін жердің жұлдызы бол,

Балқыған болат селі – Теміртау
бол.

Ақын Теміртауды, Магнитканы тек сырттай қызықтаушы ғана емес, ол өзін де осы от-жалынды ауызыдықтаган қаланың бір мүшесі санайды, оны өзінің жанымен қабылдан, тәнімен түйсінетіндігін танытады. Магниткамын мақтанады, мерейленеді. Оның мәртебесінің артуын, өзінің мерейі санайды.

Магниткам менін,
Жалынның уыз алауы,
Магниткам менін,

ын-қарагайлықтеде айналып қалғанын айтып, енді міне жол ортаға жеткенденагыз енбектің қызған ордасын көріп танығанын, Караганды шахтерлері мен Теміртау болатшыларының қажыр-қайраты енбегінегін төнти екенінбар дауысымен айтты. Теміртау тақырыбына үнемі қайта айналып соғып отырды. Өзін бейнебір шахтердей, металлургтей сезінді.

Еркештің Теміртау жырларының ішінде әлбетте шоқтығы биік шығармасы «Ақыз аға» дастан-диалогы деуіміз керек. Оған кезінде қазақ поэзиясындағысоны үрдіспен жазылған, қуаты күшті, бірегей туынды деген баға да берілген. Ақынның осы дастаны оқуға женіл, әрі оқырманды баурап алады.

Бұл ағам-

Ғасыр үшін алтын адам.

Бұл ағам – құрыш қолды Алтын ағам.

Алтынбек, Алтынбек ше...

Дерібаев,

Алтын жұлдызы төсінде жарқыраған.

Ақын бұдан соң әдептегі сүрлеуге түсіп Алтекеннің өмір соққагын шырлап кетпейді. Ақын Алтынбек ағасына сауал қояды.

Алдымен жастық шақ туралы сүрайды. Бұдан соң «Аға, сіз бақыттысыз ба?», деп сауал тастайды.

– Сен оны сұра мына Теміртаудан,
Іітіп руданы,
Темір сауған,
Шойынды шар болатқа айналды-

Тағы да ақ жалынға кіре берді,
Жалыннан жаратылған сонау аға.

Ақын дастан-диалогы осылай аяқталады.

Көз алдыңызға от-жалын оранған қайратты металлургтердің бейнесі келеді.

Осы жолдардыңға бір мәрте қайталап оқығаныңда өткен ғасырда өмір сүрген қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі Еркеш Ибраһимның Теміртауды, оның аргы-бергі тарихын, қалыптасу кезеңін, металлургтердің бейнесін, олардың жан дүниесін, арман мақсатын өлеңмен өрнектеп, Теміртау шежіресін жырмен сомдаған ақын екендігіне тағы көз жеткізесін.

Ермагамбет ЛҮҚПАН
Аманжол АҚЫН

Хабарландыру

«Теміртау қаласының жұмыспен қамту және алеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылдың 3 мамырьындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы» №1567 Жарлығына сай сенім телефонының нөмірін хабарлайды:
91-73-14.